

#КүшімізБірлікте

Еңбек адамы бірінші орында тұруға тиіс. Шын мәнінде, барлық жетістіктің бастауы – адал еңбек және іскерлік. Табысқа жетудің жалғыз жолы – өз кәсібінің шебері болу және ерінбей еңбек ету.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.


● ПРЕЗИДЕНТ



БЕЙБІТШІЛІК ФОРМУЛАСЫ

3

● М.ӘУЕЗОВ-125



«МЕНИҢ ӘУЕЗОВІМ»

9

● ӘКІМ

ШАҒАР БАСШЫСЫНЫҢ КЕЗДЕСУІ

2022 жылдың 30 қарашасында сағат 9.00-де Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Түркісіб ауданының тұрғындарымен кездесуі Чехов көшесі, 15 мекенжайындағы №76 жалпы білім беретін мектепте өтеді.

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

26.11.2022

Түнде:



0,+2 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар).

Күндіз:



0,+2 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар).



Желдің жылдамдығы:
2-7, екпіні 12 м/с

27.11.2022

Түнде:



-8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
қар.

Күндіз:



-4-6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №140 (6275) 26 қараша, сенбі, 2022 жыл.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШЫМБҰЛАҚҚА КЕЛІҢІЗ!

Бүгін тау шаңғысы маусымы ашылады



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Бүгін биік таулы курортта қысқы маусым ресми түрде ашылады. Шымбұлақта сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері түнгі уақытта да сырғанауға болады. Демалушылар үшін ұзындығы 25 шақырым болатын түрлі қиындықтағы 14 жол қарастырылған», делінген әкімдік хабарламасында.

2

● ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Мүмкіндігі шектеулі жандарға жұмысқа
орналасуға жәрдемдеседі



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығының мамандары Медеу ауданы әкімі аппаратымен бірлесе отырып, сіздерді 2022 жылғы 1 желтоқсанда өтетін мүмкіндігі шектеулі жұмыссыздарға және Алматы қаласының жұмыс берушілеріне арналған бос орындар жәрмеңкесіне қатысуға шақырады.

3

● ҚЫСҚА...

- Президентті салтанатты ұлықтау рәсімінің трансляциясы бүгін Астана уақыты бойынша сағат 10.50-де басталады.
- Ұлықтау рәсімі республикалық телеарналардан, интернет-ресурстардан, сондай-ақ «Ақорданың» әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарынан тікелей эфирде көрсетіледі.
- Қасым-Жомарт Тоқаев 28 қараша күні Ресей Федерациясына ресми сапармен барады.
- 29-30 қараша күндері Қазақстан Президенті Францияға ресми сапармен барады.
- Елімізде «7-20-25» бағдарламасы жалғасуы мүмкін.
- Алматыдағы ЖЭО-2-ні газға көшіру жобасы іске асырыла бастады.
- Мегаполисте 2022–2024 жылдар аралығында 188 жекеменшік бақша ашу жоспарлануда.
- Алматыда уран өнеркәсібінің мәселелері жөнінде конференция өтіп жатыр.
- Шаһар көшелерін күтіп ұстаумен 10 мердігер компания айналысады.
- Қазақстандықтар үшін АҚШ-қа виза алу жолы жеңілдетілуі мүмкін.
- Елімізде құрылыс материалдары 50 пайызға қымбаттады.
- Елімізде 38 градусқа дейін аяз болады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ереванда өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің отырысына қатысты.

Президент ҰҚШҰ аясындағы ынтымақтастықтың түрлі бағытына қатысты еліміздің ұстанымын жеткізді. Ұйымға мүше елдер басшыларының қорытынды кездесуі күрделі геосаяси қайшылықтар мен бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер жағдайында өтіп жатқанын айтты. Армян-эзербайжан қақтығысын дипломатиялық жолмен реттеуге бағытталған шараларды қолдады. «Армения мен Эзербайжан арасындағы қарым-қатынастың қалпына келуіне бәріміз де мүдделіміз. Ресей тарапының бітімгерлік әрекеттері армян-эзербайжан қақтығысын тек саяси-дипломатиялық жолмен шешуге және екі жақтың бейбіт келісімге қол қоюына мүмкіндік береді деп үміттенеміз», – деген Мемлекет басшысы ұйым аясындағы іс-әрекетті одан әрі дамытуға байланысты бірқатар ұсыныс айтты. Соның ішінде ҰҚШҰ-ның бітімгерлік әлеуетін дамыту мәселесін жуық арадағы басымдық ретінде атап өтті. Президент сөзін қорытындылай келе армян тарапынан және Никол Пашинянға ҰҚШҰ төрағасы ретіндегі табысты жұмысы үшін алғыс айтып, Беларусь Президенті Александр Лукашенконың 2023 жылғы 1 қаңтарынан бастап үш жыл мерзімге ҰҚШҰ Бас хатшысы қызметіне тағайындау туралы шешім қабылдады.

■ СЕНАТ

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар күн тәртібіне шығарылған заң жобаларын қарап, депутаттық сауалдарын жсолдады.

Сенат Төрағасы елімізде өткен Президент сайлауының қорытындысына тоқталды. Палата Спикері Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлау алдындағы бағдарламасында белгілеп берген маңызды міндеттерді іске асыру үшін Парламент ауқымды жұмыс атқаруы қажет екенін айтты. «Мемлекетіміз үшін аса маңызды кезеңде халық өз таңдауын жасап, дауыс берді. Осылайша ел азаматтары Мемлекет басшысының стратегиялық бастамалары мен Әділетті Қазақстан құру бағдарына бірауыздан қолдау білдірді. Отандық және халықаралық байқаушылар сайлаудың ұлттық заңнамалар мен осы бағыттағы халықаралық стандарттарға сай өткенін мәлімдеді. Бұл сайлау Қазақстанның дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын айғақтады. Енді алдымызда Президентіміз айқындап берген маңызды міндеттерді іске асыру жолындағы ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан бәріміз бірге сайлау алдындағы бағдарламада көрсетілген басымдықтарды табысты жүзеге асыруымыз қажет», – деді Мәулен Әшімбаев.

■ МӘЖІЛІС

Палатада қоғамдық бақылау туралы негізгі заң жобасы мен ҚР кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ілесне заң жобасы талқыланды.

Аталған заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде әзірленген. «Біз бұл норманы қалай да өткізуіміз керек. Қазір ата-аналар балаларын әскерге жіберуге қорқып отыр, қашып жүр бәрі. Мұның соңы жемқорлыққа алып келеді. Әскери билетті сатып алады. Осындай мәселелерді тыю үшін, ата-ана баласының аман-есен оралатынына сенімді болуы үшін әскери бөлімдерге, арнайы оқу орындарына бақылауды қоюымыз қажет. Қатысы жоқ адамдар кірмей-ақ қойып, ата-ана кіретіндей жағдай жасайық. Тіпті, уақытын да белгілейік», – деген ұсыныс айтты жұмыс тобының мүшесі Еділ Жаңбыршин. Мәжілістің Баспасөз қызметі хабарлағандай, ұсынылған нормалар төңірегінде депутаттық корпус пен атқарушы орган ортақ шешімге келе алмаған.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов пен Канада Премьер-Министрінің ЕО және Еуропа бойынша арнайы уәкілі, Канаданың Франциядағы Елшісі Стефан Дион Қазақстан–Канада ынтымақтастығын одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.

Екі ел арасында кешенді сауда-экономикалық әріптестік қарқынды дамып келе жатыр. Мәселен, өткен жылы өзара сауда көлемі 34%-дан астам өсіп, шамамен \$500 млн-ды құрады, ал биылғы 9 айда бұл көрсеткіш \$730 млн-ға жетті. Сонымен қатар, Қазақстан экономикасына тікелей канадалық инвестициялар көлемі де арта түсуде, бұл көрсеткіш өткен жылы \$385 млн-нан асты. «Біз инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және өзара сауда көлемін ұлғайту бағытында әлеуеттің зор екенін көріп отырмыз. Қазақстан экономиканың түрлі секторларындағы өз өнімдерінің 45 түрін жеткізу көлемін \$255 млн-ға ұлғайтуға дайын», – деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар, Үкімет басшысының айтуынша, жүк транзиті және жаңартылатын энергия көздерін дамыту салаларында өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытудың мүмкіндіктері зор.

■ ЭКОЛОГИЯ

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі ұсынған мәліметке сәйкес, жыл басынан бері Шарын ұлттық паркіне 50 мыңға жуық турист келген.

Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Әлия Шалабекованың Алматы облысы, Ұйғыр ауданы халқымен кездесуі өтті. Басты талқыланған тақырып – Алматы облысындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту мәселелері. Алматы облысында 5 ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар – Шарын, Іле-Алатау, Көлсай көлдері ұлттық паркттері, Алматы қорығы және Іле-Балқаш резерваты.

Шонжы ауылы тұрғындарын Ұйғыр ауданындағы сумен қамтамасыз ету, мал жаю, заңсыз ағаш кесу мәселелері және Шарын ұлттық паркінің дамуы қызықтырды. «Ағымдағы жылдың 10 ай қорытындысы бойынша әлемге әйгілі Шарын ұлттық паркіне 50 мыңға жуық турист келген, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда, 17%-ға көп. Былтырғы жылғы көрсеткіш 35 мың адамды құраған», – деді Ә.Шалабекова. 2004 жылы негізі қаланған ұлттық парктің аумағы 127 мың гектарды құрайды. 2018 жылы Шарын ұлттық паркі ЮНЕСКО-ның Халықаралық биосфералық резерваттар тізіміне кірген.

МИНИСТР

БӘСЕКЕ БОЛҒАН КЕЗДЕ
САПА МЕН БАҒА ДА РЕТТЕЛЕДІ

Мемлекеттік қызметтердің автоматтандырылуы 94%-ға жетті

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин жұмыс сапарымен Алматы қаласына келді. Иссапар барысында ведомство басшысы халықпен кездесу өткізіп, министрліктің жүргізіп жатқан жұмыстарының нәтижелерін айтты.

Досбол
АТАЖАН

Бағдат Мусин қазіргі таңда байланыс сапасын жақсарту негізінде бірқатар белсенді іс-шаралар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, байланыс операторларына салынатын айыппұл мөлшері 100-ден 1000 АЕК-ке, 200-ден 15000 АЕК-ке дейін өскені жайлы айтты.

«Жыл басынан бері біздің ведомство 270-тен астам тексеру жұмыстарын жүргізді, оның қорытындысы бойынша салынған айыппұл сомасы 514 млн теңгені құрады. Нәтижесінде байланыс операторларының сапасын жақсартатын станцияларды жабдықтап, қайта орнатты. Алматыда 8 жаңа базалық станция орнатылды, 5-еуі жақсартылды. Бұл жұмыстар әрі қарай жалғасады», – деді Бағдат Мусин.

Сонымен қатар, министр еліміздегі мемлекеттік қызметтердің автоматтандырылуы 94%-ға жеткенін, 20 түрлі құжат eGov Mobile және екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында электрондық форматта қолжетімді екенін айтты. Алдағы мақсат – проактивті форматта көшу, қазірдің өзінде 26 қызметте қолданылып, жақын арада 38-ге жететінін хабарлады. Яғни бұдан былай азамат мемлекеттік қызметтерді алу үшін әр жерге барып, табан тоздырмайды, керісінше цифрлық қызметтер адамға бағытталады. Сондай-ақ, ведомство басшысы QR-қолтаңбасының жақын арада енгізілетіні туралы да айтты.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Осындай форматқа 26 проактивті қызметті енгізіп жатырмыз. Біздің басты мақсатымыз – келесі 7 жылдыққа цифрлық мемлекеттік қызметтерді 90% автоматтандыру емес, 90% проактивті форматқа көшіру. Биыл қаланың Халыққа қызмет көрсету орталықтары 2 млн-нан астам қызмет көрсеткен. Егер проактивті форматқа көшу сәтті жүрсе, 7 жылдан кейін жүрт Халыққа қызмет көрсету орталықтарына келіп ауре болмайды», – деді министр.

Б.Мусиннің айтуынша, Цифрлық даму министрлігі әлеуметтік салаларды цифрландыру бойынша жұмысты жалғастыруда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Отбасының цифрлық картасы» жобасы құрылды. Ақпараттық жүйе азаматтарға проактивті форматта, яғни қызмет алушыдан өтініш күтпей-ақ көмек көрсетуді көздейді. Мұнда күн сайын 80 параметр бойынша 6 млн қазақстандық отбасының деректері жсақртылады.

«Сіздің құжатқа нотариус қол қойғаннан кейін, келісіміңізді алып, коммуналды қызметшілерге жібереміз. Олар соны автоматты түрде ауыстыратын болады», – деді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШЫМБҰЛАҚҚА КЕЛІҢІЗ!


Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Алдағы маусымда «Шымбұлақ-та» Almaty Extreme Games және Harry Hour Camp фестивалін және фристайл-могул мен фристайл-акробатика бойынша Әлем кубогының–2022/23 маусымындағы финалдық кезеңін өткізу жоспарланып отырғаны айтылған.

Оi-Qaragai тау-шаңғы курортында қысқы маусым 3 желтоқсанда ашылады. Жалпы ұзындығы 22 шақырымдық 20 тау шаңғысы және шана-баллон жолдары ашылады.

«Шымбұлақ» және Оi-Qaragai тау шаңғы курорттары бірыңғай



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

маусымдық абонементті шығарады. Қыс мезгілінде абонемент иесі екі курорттағы көтергіштерді шектеусіз пайдалана алады. Бұл

Алматы және Алматы облысының тау курорттарын біріктірудің алғашқы кезеңі», делінген хабарламада.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!

Алматының айбарлы таулары алып шаһардың қорғаны іспетті. Тәңірдің өзі жаратқан бұл құдірет қыстық, жазда жаныңызға сая. Қазіргі таңда көркем қаланың таулары заманауи тұрғыда абаттанып жатыр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Тауға жолыңыз түссе, біршама бағытқа арнайы лашықтардың салынғанын байқауға болады. Бұл лашықтың ішінде адаса қалған

жағдайда белгі беретін дабылқақ-қыштар орнатылған. Сондай-ақ, ішіне тегін ғаламтор да орнатылған. Лашықтардың ішінде қажет болған жағдайда дәрі-дәрмектер, қуаттау құрылғысы мен бағыт карталарын табуға болады. Су, аздаған

азық-түлікті де кездестіруге болды екен. Жалпы, тауда түрлі жағдайлар мен оқыс оқиғалар орын алып жатады. Сол үшін Алматы шатқалдарында тәулік бойы құтқарушылар жасағы жұмыс істейді.

Қазір таудағы қауіпсіздік шараларын барынша сақтап, оның алдын алу үшін Төтенше жағдайлар департаментінің базасына қосылған бірыңғай навигация жүйесі жұмыс жасап жатыр. TAU Go мобильді навигаторының қосымшасы да көмекке әзір. Дегенмен, Төтенше жағдайлар департаменті тауға барғысы келетіндерге сақтық шараларын күшейтуді ұсынады. Өйткені, тау салғырттықты кешірмейді.



ЗАМАНСӨЗ

БЕЙБІТШІЛІК ФОРМУЛАСЫ

Президент Украина төңірегіндегі жанжалды шешудің бейбіт жолдарын іздеуге шақырды

Ереван қаласында күні кеше келелі жиын болды. Армения Премьер-Министрі Никол Пашинянның төрағалығымен өткен саммитке Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон қатысты.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің бұл басқосуында еліміздің Президенті Қазақстанның аймақтағы одақтастарымен және серіктестерімен арадағы достықты, тату көршілікті және өзара тиімді ынтымақтастықты жан-жақты нығайту жөніндегі стратегиялық бағыты өзгермейтінін атап өтті. «Біз алдағы уақытта да сіздердің мемлекеттеріңізбен екіжақты және көп-жақты форматтағы қарым-қатынастардың жоғары деңгейін сақтауға күш саламыз», – деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Украина төңірегіндегі жанжалды шешудің бейбіт жолдарын іздеуге шақырып, бауырлас орыс және

украин халықтары арасының алшақтауына жол бермеу керектігін қадап айтты.

– Украина мәселесіне келер болсақ, бейбітшілік формуласын бірлесе қарастыратын уақыт келді деп ойлаймын. Кез келген соғыс бейбіт келіссөзбен аяқталады. Бітімге келудің кез келген мүмкіндігін пайдалану керек. Ыстамбұлдағы келіссөз раунды үміт сыйлаған еді, бірақ түрлі себептермен келісім іске аспады. Ондаған, жүздеген жылдарға созылатын өкпе-реніштен бауырлас орыс және украин халықтары арасының алшақтауына жол бермеу керек, – деді Президент.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЗЕРДЕ

ҚҰРМЕТ ПЕН ҚОЛДАУ

Желтоқсан қаһармандарын егемен еліміздің тәуелсіздігі мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан қайраткер, халық жанашырлары ретінде қадірлейміз



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматыда «Ғылым ордасының» конференц-залында 1986 жылы болған Желтоқсан оқиғасының 36 жылдығын атап өтудің дайындығы аясында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаевтың төрағалығымен «Желтоқсаншылар» қоғамдық бірлестіктерінің төрағаларымен кездесу өтті.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Іс-шараға Қоғамдық даму, Қоғамдық денсаулық сақтау, Әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту, Мәдениет және спорт басқармаларының басшылары, сондай-ақ қала аудандары әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

«Желтоқсан қаһармандарын егемен еліміздің тәуелсіздігі мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қос-

қан қайраткер, халық жанашырлары ретінде қадірлейміз. Сонау 1986 жылы Желтоқсан көтерілісі кезінде алаңға шығып, ұлт мүддесін қорғаған өздеріңізді үнемі мақтан етеміз. Еліміздің басына күн туғанда қиындыққа мойымай, ұлт тағдырына араласып келдіңіздер. Тәуелсіздік жылдары «желтоқсандық» қоғамдық бірлестіктерін құрып, ел өмірі мен қоғамның мүддесі үшін белсене атсалысып келесіздер», – деді А.Қырықбаев.

«Желтоқсан» оқиғасының

36 жылдығына арналған іс-шараларды өткізу жөніндегі ұйымдастырушылық мәселелерден басқа, кездесу кезінде «Желтоқсаншылар» ұйымдарының мүшелерін толғандыратын әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер де көтерілді.

Мысалы, ағымдағы жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес 1986 жылы аталмыш оқиғаға қатысқан адамдарға біржолғы әлеуметтік көмек төлеу көзделді. 150 мың теңге көлемінде біржолғы әлеуметтік көмекпен 700-ге жуық адамды қамту жоспарлануда.

«Биылғы жылы жоспар бойынша аталған азаматтарға жергілікті бюджет есебінен 150 мың теңге көлемінде 710 адамға 106,5 млн теңге қарастырылған. Қазіргі таңда 634 адам біржолғы әлеуметтік көмек алуға өтініш

білдірген», – деді қала әкімінің орынбасары.

Одан бөлек, жоспар бойынша қалалық санаторийлерге емдеу-сауықтыру жолдамалары, қаланың медициналық мекемелерінде тегін тексеру, аз қамтылған отбасыларға және сол оқиғаларда қаза тапқан қатысушылардың отбасына арналған әлеуметтік көмек көзделді.

Сондай-ақ, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының батырларын еске алуға арналған іс-шаралар, жастармен кездесулер, спорттық турнирлер өткізу мәселесі де талқыланды. Республика алаңындағы «Тәуелсіздік» монументіне және қала басшылығының қатысуымен «Тәуелсіздік таңы» монументіне гүл шоқтарын қою рәсімі туралы айтылды. Еске алу шараларынан кейін 1986 жылғы «Желтоқсан» оқиғасы кезінде қаза тапқандардың құрметіне ас беру жоспарланып отыр.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Мүмкіндігі шектеулі жандарға жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі

(Басы 1-бетте)

Өтетін жері: Республика сарайы, басталуы – сағат 11.00, тіркелу – сағат 10.00.

Бос орындар жәрмеңкесінің мақсаты – жұмыс беруші мен жұмыс іздеп жүрген адамдардың арасына дәнекер болып, олардың көзбе-көз жүздесуіне жағдай жасап, мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу. Жәрмеңкеде екі тарап бір-бірімен әңгімелесіп, бір-бірін тыңдап, алдын ала әңгімелесуден өтуге, түйіндемесін де жіберуге, мүдделі бос жұмыс орындары мен ізденушілерге қойылатын талаптармен танысуға да мүмкіндік алады.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған бос жұмыс орындары бар ұйымдар мен бос орындар жәрмеңкесіне қатысқысы келетін ұйымдар, жұмыс берушілерді қолдау бөліміне rrm@cz-almaty.kz электрондық мекенжайына өтінім жіберуі қажет.

Жұмыс берушілер «Бос орындар жәрмеңкесі» алаңында көрме-стендтерін орналастыра алады, сондай-ақ презентациялар мен жарнамалық өнімдерін көрсетіп немесе ізденушілер үшін «шеберлік сабақтары» мен тренингтер ұйымдастыра алады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондарға хабарласыңыз: +7 708 211 12 47, +7 747 751 05 95.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150

ҰЛТ ҰСТАЗЫ АТЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯ АШЫЛДЫ

Қазақ-Британ техникалық университетінде ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай ағартушының еңбектері мен Алаш зиялыларының суреттері, қанатты сөздері, өлең шумақтары жазылған сынып ашылды. Сондай-ақ, осы іс-шараға арналған «Дөңгелек үстел» өтті. Оған белгілі қоғам қайраткерлері, ұстаздар, студенттер қатысты.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Біз сәуір айында студенттер арасында А.Байтұрсынұлының оқуларын өткіздік. Атамыздың мерейтойына орай аудитория ашуды наурыз-ақпан айларында қолға алдық. Қабырға суреттері студенттеріміздің шығармашылығымен салынып шықты. Аудиторияның ішіндегі стендтердегі ақпарат, мағлұмат, сурет – барлығын жинақтауда А.Байтұрсынұлының мұражайы көмектесті. Аудитория 80 адамға шақталған, бұл жерде барлық факультеттің сабағы өте береді», – дейді Әлеуметтік және тәрбие мәселелері

жөніндегі проректоры Смолякова Екатерина.

Бұдан бөлек, оқу орнында қазақ халқының ұлы тұлғаларына арналған аудиториялар ашылған. Сондай-ақ, ақын-жазушылардың ұлағатты сөздері, өлеңдері қабырғаға жазылған.

«Мен өзім мұнай факультетінде оқып жатырмын. Мектеп қабырғасынан бастап ұлт зиялыларының еңбектерімен танысып. Алайда, біздің оқу орнымызда шетелдік студенттер де оқиды. Осындай аудиториялардың арқасында олар да біздің тарихымызбен танысып, Алаш қайраткерлерінің еңбектерін ұғына бастайды», – дейді студент Айбарыс Есен.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

АВТОБУСТАР БҰРЫНҒЫ БАҒЫТЫМЕН ЖҮРЕДІ

Алматы көшелерінде жүргізілген жол жөндеу жұмыстарына орай бірқатар автобус бағыттары жүру бағытын өзгерткен болатын. Мұндай уақытша өзгеріс №8 және №27 автобустардың сызбасына да енгізілген еді.



Алматы қалалық Мобильділік басқармасының мамандары жол бойындағы барлық жөндеу жұмыстарының аяқталуына байланысты жоғарыда аталған маршруттардың бұрынғы белгіленген

қозғалыс сызбасының қалпына келтірілгенін хабарлады. Енді бұл қоғамдық көліктер бұрынғы бағыты бойынша жүреді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЕРІКТІЛЕР ЕРЛЕП ТҰР

Алматы қаласының еріктілері «Болашақ» жобасы аясында ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, өмірдің қиындығына тап болып, одан шығар жолды таппай жүрген жасөспірімдерді қоғамға, ортаға тарту, бауырға басу, қолдау көрсету мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Атап айтқанда, волонтерлар қаладағы балалар үйлері мен әлеуметтік орталықтарда тәрбиеленіп жатқан жеткіншектерге кәсіптік бағдар береді, қолынан келетін іске, мамандыққа икемдейді, жол көрсетеді, заң тұрғысында да сауатты болуына көмектеседі. Сондай-ақ, бос уақыттарын тиімді өткізуге көңіл бөледі. Мотивация беріп, алдағы күндерге жігер береді.

– «Болашақ» жобасы аясында біздің волонтерлар жетім балаларға арналған «Жанұя» мамандандырылған кешенінде, №1 облыстық балалар үйінде, СОС балалар ауылында, Алматы қаласының «Жастар үйі» әлеуметтік мекемесінде болып, олардың түлектерін ортаға бейімдеу және бәріне жан-жақты қолдау жұмыстарын жүргізуде. Бұл

жобаға 12–29 жас аралығындағы барлығы 100-ден астам бала мен жасөспірім қамтылды, – дейді Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Qatqor charity ҚҚ төрағасы, Алматы қаласы әкімі жанындағы Жастар кеңесінің мүшесі Бағдат Анарбасва.

Бүгінгі күні мегаполис еріктілерінің мұрындық болуымен әлеуметтік қолдауға мұқтаж балалар ат спорты клубына, циркке, кино-театрларға, өзге де мәдени іс-шараларға, экскурсияларға тегін барып жүр. Себебі, оларға көпшілікпен етене араласу маңызды. Тістерін қарату да тегін ұйымдастырылған.

Сондай-ақ, еріктілер өрендердің өз-өзіне деген сенімін нығайту, көтеру мақсатында мотивациялық кездесулер, семинар-тренингтер өткізіп келеді. Олардың жақсы көретін, табынатын кумир-жұлдыздарымен де қызықты кездесулер ұйымдастырады. Еріктілер енді балаларға арнал-



ған 30-дан астам тегін үйірме мен секциялар ашуды, өзекті деген, сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа мерзімді курстарға оқытуды жоспарлап отыр. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар мен жасөспірімдерге жоғары оқу орындарына түсуіне жәрдемдесіп, жұмысқа тұруына да көмек қолын созбақ.

Аталған жоба бойынша атқарылып жатқан барлық іс-шара жастардың болашағына бейжай қармайтын демеушілер мен Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасының қолдауымен жүзеге асырылуда.

БҮГІН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АҚПАРАТ КҮНІ

АҚПАРАТ ӘЛЕМДІ БИЛЕЙДІ

1992 жылы 26 қараша күні Ақпараттандырудың алғашқы халықаралық форумы өткен. Осыған орай, БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңестерінде бас консультативтік дәрежесі бар Халықаралық ақпарат академиясы мен Дүниежүзілік ақпараттық парламенттің бастамасымен 1994 жылдан бастап осы күн «Дүниежүзілік ақпарат күні» ретінде бекітілді. Бүгінде атаулы күнді әлемнің көптеген мемлекеттері атап өтеді.



XXI ғасыр – ақпарат заманы. Жаңа технологиялардың арқасында ғаламтор мен әлеуметтік желілерде секунд сайын миллиондаған ақпарат тарап жатыр. Ғалымдардың зерттеуінше, XVII ғасырдағы адам өмір бойы жинаған ақпаратты қазір бір айда алады екен. Ка-

лифорния университеті ғалымдарының зерттеуіне сәйкес, бір адам бір күнде 100–500 сөз бен 34 гигабайт аудиовизуалды ақпаратты

өзіне қабылдайды. Иә, күніне өзімізге қажетті не кездейсоқ жаңалық оқығанымызды өзіміз де білмей қаламыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әділ НҮРПЕЙІСОВ, Алматы қаласы бойынша Экология департаментінің баспасөз хатшысы:

– Бүгінгі таңда ақпаратсыз күнімді елестете алмаймын. Ұйқымыздан көзімізді аша салысымен телефонымызға үңілеміз. Өз басым Алматы туралы, одан кейін әлем елдеріндегі жаңалықтарды оқимын. Тіпті, сағат 10-ға дейінгі аралықта уақытымды ақпараттарды оқуға арнаймын. Қазіргі таңда көптеген ақпарат тарататын порталдар бар. Қалағанына жазылып өзіңізге ұнайтын ақпараттарды көре аласыз. Алайда, арасында фейк, арандаушылыққа жетелейтіндері де баршылық.

Ақжамал ОРАЗБАЕВА, әлеуметтік жоба үйлестірушісі:

– Әрине, ақпаратсыз күнімді елестете алмаймыз. Ал ақпараттың мазмұны – ол екінші мәселе. Көп нәрсе ақпаратты қай құралдан алып отырғанымызға байланысты. Ақпарат қоғаммен бірге қадам басуға көмектеседі. Әсіресе, әлемде болып жатқан жаңалықтар, ғылым, білім, мәдениет, спорт, саяси-экономикалық өмір мен әлеуметтік мәселелер аясындағы ақпараттар маңызды. Дегенмен, жарияланатын ақпараттардың объективті, шынайы болуына, сауатты жеткізілуіне баса назар аударыла жаксы болар еді. Ол – қауіпсіздік кепілі.

Еңлік МҰРАТҚЫЗЫ, журналист:

– Қазіргі таңда ақпаратсыз бұл әлемді елестету мүмкін емес. Әр секунд сайын шығатын жаңалықтардың легі өміріміздің бір бөлігі болып кеткен. Дүниежүзі бойынша түрлі оқиғаларға немқұрайлылық танытпай, анық-қанығына жетуге деген ұмтылыстың өзі көріп, біліп отырған ақпараттың арқасында. Бүгінгі қоғам, әсіресе маңызды және шынайы ақпаратты ұсынуды талап етеді. Сондықтан бір мезетке ақпарат беру тоқтап қалса, барша әлемнің тынысы тоқтайтын сияқты.

Әзірлегендер Досбол АТАЖАН, Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



● КОНФЕРЕНЦИЯ

«MEDIA ҚҰРЫЛТАЙ» өзекті мәселелерді талқылады

Кеше Алматыда қазақстандық медиа-нарықты дамыту мәселелері бойынша жыл сайынғы «Media құрылтай» өтті. Аталмыш іс-шара «Сыртқы қауіптер мен ішкі қатерлер дәуіріндегі медиа» тақырыбында өрбіді.

Конференцияда журналистика корифейі Сағымбай Қозыбаев журналистика саласындағы Олжас Сүлейменов атындағы халықаралық сыйлыққа ие болды. Марапатты ҚР Президентінің баспасөз қызметінің негізін қалаушылардың бірі, Журналистика академиясының академигі Валерий Жандәулетов табыс етті. Валерий Жандәулетов халықаралық сыйлық ҚазКСР Халық жазушысы Олжас Сүлейменовтің 85 жылдығына орай тағайындалғанын еске салды. Бұл беделді сыйлық журналистика саласында еселі еңбек атқарған жандарға берілген-ді.

– 20 жыл бұрын біздің Журналистика академиясы құрылды. Осы жылдар ішінде маңызды оқиғалар көп болды. Өткен кездесулерде «Media Құрылтай» жобасы аясында академия «Алтын жұлдыз» және «Алтын Самұрық» наградаларын табыс етті. Жақында қазіргі заманның көрнекті қайраткері, біздің құрметті академик Олжас Сүлейменовтің 85 жылдығына орай Журналистика академиясы журналистика саласында халықаралық сыйлық құрды. Биыл Журналистика академиясының президенті, 56 кітаптың авторы Сағымбай Қозыбаевқа Олжас Сүлейменов атындағы Халықаралық сыйлықты тапсыру туралы шешім қабылдады, – дейді Валерий Жандәулетов.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Біз 14-ші рет жиналып жатырмыз және біздің конференция беделді, сұранысқа ие және тәуелсіз платформаға айналғанына сенімдіміз, онда әріптестер біздің саламыздың ең өзекті мәселелерін ашық және шынайы талқылайды. Соңғы «Media құрылтайдан» бері еліміздің өміріне орасан зор әсер ететін көптеген оқиғалар орын алды. Бұл оқиғалар Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздік пен сырттан әсер ету тұрғысынан қаншалықты осал екенін көрсетті. Біз бәрімізге – мемлекеттік органдарға, азаматтық қоғамға, медиаға ақпараттық тәуелсіздік стратегиясын әзірлеу және отандық медианың қоғамдық пікірге ықпалын арттыру қажет», – деді Қазақстан Баспасөз клубының президенті, «Media құрылтай» жобасының авторы және бастамашысы Әсел Қараұлылова.

Конференция бірнеше панельдік сессия-

лардан, дөңгелек үстелден және шеберлік сабағынан тұрды. Қатысушыларға «Сайлаудың ақпараттық бейнесі. Негізгі трендтер», «Жалған ақпараттың Қазақстан қоғамына әсері», «Дәстүрлі БАҚ: контент арқылы аман қалу немесе даму» және т.б. тақырыптарды қозғап өтті. Қатысушылар, сондай-ақ, БАҚ туралы заңнамадағы өзгерістерді, медиадағы тәуелсіз жобаларды дамытуды және олардың нарыққа әсерін, Telegram-ның қазақ тілді сегментінің дамуы мен әлеуетін, сондай-ақ Қазақстандағы қаржы журналистикасын дамыту және оның қоғамдық пікірге әсерін талқылады.

Конференция Factcheck.kz-тің «Дағдарыс кезіндегі жалған ақпаратпен күресу. Кейстерді талдау» мастер-класымен аяқталды.

Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

● САЙЛАУ–2022: ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС.

Дулат ИСАБЕКОВ,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
жазушы, драматург:

ЕЛ ЖАҢА ДӘУІРГЕ ҚАДАМ БАСТЫ



жаңа сайланған Президенттің де мерейі үстем болсын! Халқымен бірге бола берсін!

Бұл жолғы сайлауға көп адам қатысты. Үйдегілер, кәмететке толғандар толық дауыс берді. Сайлау дұрыс әрі әділ өтті. Жаңа 7 жылдық дәуір – Қазақстан үшін өте күрделі кезең. Президент үшін де ең жауапты мерзім болайын деп тұр. Бұл кісі өзіне толық билік тигеннен кейін радикалды өзгерістерге барады деп отырмын.

Әсіресе, кадр мәселесі. Бұрынғы кадрлардан құтылып, жаңаша ойлайтын, жаңа Қазақстан деген идеяны жүзеге асыратын жаңа кадрлар керек. Қазақ халқының да,

Арай ҚАСЫМБАЕВА,
Алматы қалалық білім берудегі
жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік
орталығының әдіскері:

КҮТЕР НӘТИЖЕ КӨП

Өткен жексенбі еліміз үшін тарихи күн болды. Себебі, кезектен тыс Президент сайлауы өтті. Байқағанымыз, биылғы сайлауға халық белсенді қатысты. Олай деуімізге әлеуметтік желілерден кейбір сайлау учаскелерінде дауыс беруге келген азаматтардың кезекке тұрып жатқаны дәлел болмақ. Қазақстандықтар өздерінің басымдықтарын айқындап, алдағы жеті жылда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге болуға дайын екендіктерін нақты белгіледі. Халық енді Президенттен елдің сенімін ақтайтын нәтижелі жұмыстарды күтеді. Көптің көңілінен шығатын оң реформалар Қазақстанымыздың одан әрі көркеюіне қадам басады деп ойлаймын.



● ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірінші мерзімінің қорытындылары және президенттік сайлау қорытындылары туралы баяндамалардың таныстырылымы өтті.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Халықаралық Әлеуметтану және саясат институты» қоғамдық қоры жанындағы Жас сарапшылар мектебі ұйымдастырған іс-шарада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019–2022 жылдар аралығындағы Президент ретіндегі атқарған жұмыстарына сараптама жасады. Баяндамаларды Жас сарапшылар мектебінің авторлары саясаттанушы Марат Шибубовтың басшылығымен дайындады.

ЖАС САРАПШЫЛАР БАС ҚОСТЫ

● МАМАН ПІКІРІ:

Айнұр БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,
Қоғамдық пікір орталығының сарапшысы:

– Біз екі сараптамалық шолу жасап, Президенттің атқарған жұмыстары туралы айтқымыз келді. Бірінші есепте ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 3 жылдық Президент болған кездегі атқарған әлеуметтік, саяси және экономикалық бағдарламаларына шолу жасадық. Сонымен қатар, есеп барысында 3 жылдың ішінде елімізде болған төтенше жағдайларға шолу жасап, Президенттің алдағы уақытта осындай жағдайлардың алдын алу бойынша қабылдаған шешімдері мен халыққа көмек көрсету шешімдеріне ой жүгірттік. Ал екінші есепте жалпы президенттік сайлаудың тарихын, Қ.Тоқаевтың және басқа президенттікке үміткерлердің сайлауалды бағдарламаларының әлеуметтік маңызын көрсетіп кеттік.

● ЖОЛДАУ–2022

Бакытжан САТЕРШИНОВ,
философия ғылымының докторы,
профессор:

Өркениетті қоғам құру өте маңызды

«Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Аукымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру аса маңызды. Жаңа сайлау науқанының мерзімдерін және оның ретін елге ашық жариялау шешім қабылдау кезіндегі ашықтық қағидатына сай келеді. Осы кадамның бәрі біздің «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» атты басты формуламызды біртіндеп нақты мән-мазмұнмен байыта түседі». Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан үзінді.

Сөз жоқ, мықты мәлімдеме, шынайы жүзеге асқан жағдайда аса көрнекті мемлекеттік қайраткер ретінде тарихта қалуға зор мүмкіндік береді. Саяси-құқықтық тұрғыдан, әлеуметтік-этикалық тұрғыдан әділдікке жету – өркениетті қоғам құрудың алғышарты. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын Жерұйыққа», мамыражай заман мен қоғамға жету бар адамзаттың арман-аңсары емес пе?! Әділсіздік пен қиянат, озбырлық пен тирания қаншама қантөгіске, қақтығыс пен төңкеріске әкелді.

Теңдік пен демократиялық ұстындарға, барша электораттың дауысы ескерілетін әділ сайлауға сүйенген республикалық парламентаризм мемлекеттік басқарудағы озық үлгі саналады. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптастыруға бірнеше ғасыр ұмтылған батыстық өркениеттің жеткен жетістігі. Адам мен азаматтың табиғи ажырамас құқықтарын аламамайтын теңдігі, өз құқығымен қатар өзгелер және қоғам алдында жауаптылық жүктейтін міндеттердің болатыны, қоғамдық игіліктің бәріне бірдей үлестірілуі, нарықтағы мүмкіндіктер теңдігі, жазалау мен бағалаудың туралығы және т.б. – қазіргі замандағы «әділет» ұғымын айқындайтын түсініктер осылар.

Десек те, «әділдік» пен «әділ басқарудың» дін мен дәстүрде анағұрлым кең түсініктері де бар. Дана Абай әділетті «Тәңірінің ісі», «хақ жолы» дейді. Ислам қайнар көздері мемлекеттік басқарудың қандай да бір формасын нақты айтпаса да, адалдық, шынайылық, турашылдық ұғымдарымен қатар, әділдік туралы айтады. Керек десеңіз, Әділ деген Жаратушы Алла Тағаланың бір сипаты. Алла Тағаланың әділдігі турасында Құран Кәрімде үш жүздей аят кездеседі екен.

Ислам дініне сәйкес, адамның бұл жалғандағы әрбір амал-әрекеті дәптерге жазылады, Қиямет күні Әділ сипаты паш етіледі, «Судың да сұрауы бар» дегендей, әркім таразыға түсіп, есепке тартылады. Әр нәрсені өзіне лайықты ұстану/ұстанбауына, ақиқаттан ауытқу/ауытқымауына, біреудің хақысына кіру/кірмеуіне қарай өзінің лайықты түпкілікті бағасы мен жазасын алады. Қоғамды басқару мен күнделікті өмірдегі әділдіктің үлгісін Мұхаммед Мұстафа (с.а.с) мен төрт әділ халифтер көрсеткен. Мемлекеттік қызметке тағайындау дәстүрлі қоғамда кеңестің (шураның) және жамағаттың (қара халықтың) келісімімен жүзеге асқан.

Әлеуметтік өмірде туындаған дау бойынша халық арасында әділдігімен көзге түскен адамға жүгінген, осылайша билер институты, дала демократиясы қалыптасқан. Бүгінгі Батыс республикалық басқару формасын жоқтан жасаған жоқ, көне Римнің тәжірибесінен алды. Бізге де ұлттық дәстүрлі болмысымызда бар табиғи тәжірибені ескеруіміз керек.

Әділетті Қазақстан құрамын деген, оның саяси және конституциялық арнасын белгілеп қойған Қасым-Жомарт Кемелұлының талабына нұр жаусын дейміз. Мемлекеттік қызметтің ең маңызды баспалдақтарынан өтіп, халықаралық деңгейдегі лауазымды иеленіп, ар-абыройын сақтай білген, зайырлы жиындарда білімі мен адамгершілік әдебіп көрсетіп жүрген, қажылықты айтпағанда қазақ халқының рухани көсемдері мен әулие тұлғаларын зиярат етіп насихаттап жүрген көшбасшымыз келешекте әділдіктің туын жел-біретер деген үміттеміз.



С.МӘУЛЕНОВ – 100

СЫРШЫЛ ЛИРИКАНЫҢ СҰЛТАНЫ



Алматы төріндегі еңселі Ұлттық кітапханада көрнекті ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сырбай Мәуленовтің 100 жылдық мерейтойына орай «Сыршыл лириканың сұлтаны» атты еске алу кеші өтті.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Кешті ҚР Ұлттық кітапханасының ғылыми хатшысы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Болат Жүнісбеков ашып, жүргізіп отырды.

Рухани рәуіште өрбіген кеште сыншы, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бекен Ыбырайымов, жазушы, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нұрдаулет Ақыш, әдебиеттанушы, филология ғылымының докторы, профессор Дандай Ысқақ, жазушы, ақын Жұмат Әнесұлы кейіпкер туралы естеліктерімен бөлісті.



Ұзақ жылдардан бері әке мұрасына ие болып, талмай, шаршамай насихаттап жүрген текті ұлы – заң ғылымының докторы, профессор Қасым Мәуленов болса, әке мен бала арасындағы қарым-қатынас, отбасындағы әке рөлі туралы сыр шертті. Сырбай Мәуленовтің қыздары – Сақыпжамал мен Бақытжамал да кеш қонағы болып, естеліктерімен бөлісті. Әкені ұлықтап жатқан көпшілікке, зиялы қауымға алғыстарын жеткізуді де ұмытпады.

Сырлы сөздермен, әуезді әнмен өрілген кеште ҚР мәдениет қайраткері, ұстаз Болат Әшірбаев Сырбай Мәуленовтің сөзіне жазылған «Тарбағатай таулары» әнін орындады.

Бұл рухани кешке өрімдей жастардың, студенттердің көп қатысқаны қуантты бізді. Олар Сырбай Мәуленовтің өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Сол арқылы өрендер қаламгердің шығармашылығымен етене танысып, көкейге түйгендері де мол болғанына сенеміз.

Бұл күні үлкен де, кіші де қатар жүріп, ҚР Ұлттық кітапханасының қорынан алынған Сырбай Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығына сыр шертетін «Сыршыл лириканың сұлтаны» атты кітап көрмесін тамашалады. Қаламгер есімі мәңгі есте қалары сөзсіз.



ЕҢБЕК АДАМЫ

Еңбегі көп елене бермесе де, кез келген уақытта сұранысқа ие мамандықтардың бірі – слесарь-сантехник. Бір қарағанда оңай көрінетін жұмыс. Алайда, оны екінің бірі меңгере алмайды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Әбдіжаппар Бердібеков өзінің еңбекқорлығының арқасында сантехниканың қыры мен сыр-ын жақсы меңгеріп, ел алғысына бөленіп жүрген жан. Алматыдай алып шаһарда адал еңбегімен нәпақа тауып, отбасының берекесін келтіріп отырған азаматтың қала жұртшылығы үшін атқарып жүрген еңбегі көпке үлгі деуге болады.

Әбдіжаппар Алматыға көшіп келген соң алғашқы еңбек жолын 1999 жылы өзінің тұратын үйі жанындағы КСК-да қарапайым еңбек адамы ретінде бастайды. Әбден орнығып, тұрақты жалақы ала бастағаннан кейін отбасын құрады. Бағына қарай өмірлік серігі Бейбітгүл Нұрсадыққызы өнегелі отбасынан шыққан, өзі секілді 11 баланың ортаншысы екен. Арманы мен көзқарасы бір арнаға тоғысқан жұп бақытты өмірдің есігін осылай ашады.



Жауапкершілігі мол жұмыс

1993 жылы Әбдіжаппар Алматы автомобиль-жол институтына оқуға түсіп, 2001 жылы М.Тынышпаев атындағы Мемлекеттік қазақ көлік және коммуникациялар академиясын «Автомобиль және автомобиль шаруашылығы» мамандығы бойынша бітіріп шығады. Қолында дипломы бола тұра, қарапайым еңбек адамы болуды місе тұтқан азамат бастапқыдағы жұмысынан айнамай мамандығына адалдық танытады.

Бүгінде ол Алматының Бостандық ауданына қарасты «Сафронова» ЖК апаттық қызметінде слесарь-сантехник болып еңбек етеді. Адалдық дегеннен шығады-ау, Әбдіжаппар Опабекұлының дәл осы салада табан аудармастан еңбек етіп келе жатқанына биыл 25 жылға жуық уақыт болыпты.

Сантехник-слесарь болу қарапайым іс болғанымен, жауапкершілігі мол жұмыс. Өкініштісі сол, жоғары сұранысқа ие болса да, бұл қарапайым мамандықты игеруге екінің бірі құлық таныта бермейді. Мәселен, жастар қызметте тез өсіп, белгілі бір мансапқа қол жеткізсең табысты боласың деп ойлайды. Сөйтіп, шетінен бастық болғысы келіп тұрады. Ал біздің кейіпкеріміз жылдар бойы қалыптасқан тәжірибе мен көп жылғы еңбек қана адамды табысқа жетелейді деген пікірде.

– Мектепті бітіре салысымен, арман қуып Алматыға келдік. Алғашқы жылы студент атана алмадық. Жігіт емеспіз бе, ауылға қайтуды ар санап, қайтсем де қалада жұмыс істеп, ата-анама көмектесем деп шештім. Өзіміз отбасында 11 ағайындымыз. Әкем өмірден ертерек кетті. Анамыз бар ауыртпалықты көтеріп, ұл-қыздарын бір өзі жеткізді. Бала кезімде бауырларымның қасында жүріп ер жігітке тән даладағы жұмыстарды істейтінмін. Есейгенде сол құлшынысым көмегім тигізді. Менің түсінігімде, кәсіптің жаманы жоқ. Адам баласы қандай іске де икемді келеді. Ең бастысы, жұмыс істеймін деген ниет болуы керек. Қалғанын өмір өзі үйретеді, – деген Әбдіжаппар Бердібеков әңгімесін әрі қарай жалғап былай деді:

– Әр кәсіп тәжірибе арқылы келеді. Жұмыс барысында неше түрлі жағдайларға тап боласың. Бірі сенің еңбегінді бағалап, сапалы қызмет көрсетуге жағдай жасаса, екіншісі, мұрнын шүйіре қарауы мүмкін. Біздің жұмыс мезгілге бөлінбейді. Себебі, суды, кәріз желілерін адам күнделікті пайдаланады. Қарапайым, кір жуатын машиналарын қосу үшін де

бізге өтініш жасайтындар көп. Жұмыстан шаршап келіп, демалып жатқанда, кейде тіпті түнгі уақытта құбырынан су кетіп жатқан ата-апалар хабарласады. Өтініп тұрған соң қалай қарсы боласың. Оның үстіне үлкен кісі болған соң көңілдеріне қараймын да, барып жасап беремін. Несін жасырайын, жұмыстан тыс уақытта шақырған соң еңбегінді бағалап, тиын-тебенін ұстатып жататындар болады. Сондықтан жұмысыма атүсті қарай алмаймын. Егер ісінді неғұрлым тиянақты, сапалы етіп жасап берсең келесі жолы сол адам сенің тұрақты тапсырыс берушіңе айналады. Менде ондай тұрақты «клиенттер» баршылық. Кейде үлкен ата-апалардың және отбасында бала-шағасы көп кісілердің құбырларын тегін жасап беремін. Маған ондай жандардың алғысы мен рахметі жетіп жатыр, – дейді Әбдіжаппар Опабекұлы.

Біз Әбдіжаппар қызмет көрсететін аймақтың тұрғындарына жолығып, олармен де пікірлескен болатынбыз. Солардың бірі, зейнеткер Аймахан апа.

– Өмір болған соң ештеңе бір орнында тұрмайды ғой. Әсіресе, күнделікті тұрмыста құбырыңнан су ақпай, кәрізіңе су кетпей жататын кездер жиі орын алады. Сондай сәттерде өзім тек Әбдіжаппар балама хабарласамын. Өз кәсібін жақсы меңгерген, мінезі мен ісі бір-бірімен қабысып жатқан өте еңбекқор жігіт. Осы аймақтағы тұрғындардың көбі оны жақсы таниды. Біз оны «Жако» дейміз. Жұмысы көңілімізден шығады. Өзі сондай тәрбиелі, көңілді азамат. Қолы өте шебер. Қазақ жастарының арасында бұл кәсіпті игергендері сирек қой, – дейді зейнеткер апамыз.

Қарапайым ғана еңбегінің жемісі сол, Әбдіжаппар өткен жылы қаланың шеткі аудандарының бірінен екі қабаттан тұратын үйін салып бітірді. Жұбайы Бейбітгүл екеуі Райымбек, Гүлназ, Ақерке атты үш баланы өмірге әкеліп, өсіріп отырған бақытты жанұя. Былтыр ұлын үйлендіріп, шаңырағына Милана есімді келін келген. Бүгінде Аяла есімді кішкентай немереге ата болып отырған жайы бар.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, біздің кейіпкеріміз Әбдіжаппар да өнерден қара жаяу емес. Кез келген адаммен ортақ тіл табыса жүріп жұмыс істей білетін ол қолөнерге де жақын. Домбыра шертіп, гитарада ойнайтын, арасында ән айтатын да қабілеті бар. Қорыта айтқанда, Әбдіжаппар Бердібеков еңбегімен ел алғысына бөленіп жүрген қарапайым азамат.





«ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫМЕН – 2022»

КІТАП ЖӘРМЕНКЕСІ

Әлемнің ең ірі баспагерлері Алматыда бас қосты



Мегаполисте үш күн қатарынан «Атакент» Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығында «Ұлы Жібек жолымен-2022» X рет Халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесі өтті. Аталмыш шараны ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Атакент-Экспо» Халықаралық көрме компаниясы мен ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, Қазақстанның баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығымен бірлесіп ұйымдастырды.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Бұл көрме қаламызда 10 жыл қатарынан өтіп келе жатыр. Соңғы 2-3 жылда пандемияға байланысты тоқтап қалған еді. Міне, енді қайта қолға алып жатырмыз. Алдағы уақытта жыл сайын өткізіміз деген жоспарымыз бар.

Көрмеге әлемнің түкпір-түкпірінен мықты-мықты баспагер келіп, өздерінің жұмыстарын таныстырып жатыр. Қазақстандық көптеген баспагерлер де кітаптарын көрмесе қойып жатыр. Сондай-ақ, шет елдік баспагерлермен танысып, тәжірибе алмасып отырған жайымыз бар. Әр ел өздерінің жазушыларының шығармаларын, ұлтық дүниетанымынан хабар беретін шығармаларын оқырман назарына ұсынуда. Бағдарлама аясында жазушылар мен баспагерлер өз ой-толғаныстарын ортаға салып, жастармен қызықты әңгіме өрбиде. Үздік баспагерлер анықталып, оларға бағалы сыйлықтар да табысталды», – дейді ҚР Ұлттық мемлекеттік

Кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов.

Көрмеде Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің жетекші баспагерлері, полиграфиялық компаниялары мен кітапханалары, сондай-ақ, Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының Мәдени өкілдері қатысты.

«Қазақстанда үш күн қатарынан кітап тойы болды. Алыс-жақын елдердің барлығы шақырылды. Оның ішінде қырғыз ағайындар, біз де бармыз. Жәрмеңкеге ең үздік 50 баспагерлердің 500-ге жуық кітаптарын ала келдік. Оның бірқатары – Қырғызстанның халық жазушысы Шыңғыс Айтматовтың шығармалары. Сондай-ақ, Қырғызстанның тарихы, салт-дәстүрі жайлы жазылған кітаптар да бар. Кішкентай балаларға арналған кітаптар да қойылып жатыр. Қазір қарап отырсам, жәрмеңке өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Мұндай жәрмеңкелер көп болса ынтымақтастығымыз, бірлігіміз де арта беретіні сөзсіз», – дейді Қырғызстан мемлекеттік Кітап палатасының директоры Койчуман Момункулов.


Аталмыш іс-шарада ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының 85 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылды. Сондай-ақ, Bookfund.kz кітаптардың ақпараттық-анықтамалық жүйесінің таныстырылымы өтті. «Нарықтағы кітап ісі:

бүгін мен болашақ» атты еліміздің барлық өңірінен келген баспагерлердің кездесуі болды. Бұдан бөлек, «Кітап ісі нарығында шетелдік баспа мекемелерімен тәжірибе алмасу» атты «Дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

«Біздің баспа «Ұлы Жібек жолы» көрмесі басталғалы 10 жыл қатарынан қала келбетін айшықтайтын кітаптар мен ақын-жазушылардың шығармаларын ұсынып келеді. Кітапқа қызығушылық танытып жатқан жастарымызды көріп, қуанып отырмыз. Осы көрмеге «Менің Қазақстаным!» сериясы бойынша қазақтың салт-дәстүрлері, құрақ көрпе, шаңырақ деген кітаптарды алып келдік. «Алматыкітап» баспасы көбіне шетелдік туристерге кәде-сый ретінде арналған кітаптарды ұсынады. Сондай-ақ, биыл «Балалар жылы» деп жариялағанына байланысты бүлдіршіндерге арналған базарлығымыз да бар», – дейді «Алматыкітап» баспасының қызметкері Гүлмарал Қабдолшаева.

Сондай-ақ, жәрмеңкеде белгілі қаламгерлер және жас авторлармен кездесулер, жаңадан шыққан кітаптардың таныстырылымы, түрлі концерттік қойылымдар мен жыр кештері ұйымдастырылады. «Балалар жылы» аясында жеткіншектердің шығармашылығын қолдауға арналған әдеби ойындар мен жұмбақтар, өлең оқу және т.б. балалар бағдарламасы әзірленді.

Сонымен қатар, көрме аясында 2020–2022 жылдар аралығында жарыққа шыққан кітаптар арасындағы байқаудың жеңімпаздары марапатталды. Бұл байқау алты номинация бойынша, яғни «Жыл кітабы», «Үздік көркем басылым», «Үздік оқулық», «Балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік көркем және танымдық басылым», «Үздік фотоальбом», «Үздік полиграфиялық орындау» номинациясы бойынша жеңімпаздар анықталды.



ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



«Қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін сарп етуі керек».

ТҰЛҒАТАНУ

ҰЛТТЫҚ ЖАЗУ АРҚЫЛЫ ӨРКЕНИЕТ ҚАҚПАСЫН АШТЫ

Ол өзінің саналы ғұмырын туған халқын сауаттандыруға, білімді етуге аянбай қызмет етті. Сондықтан да өзінің замандастарынан бастап бүгінге дейін біз қазақтың тарихи тұлғаларының ішінде тек қана Аханды «Ұлт ұстазы» деп аса жоғары бағалаймыз...

Ахмет Байтұрсынұлы ұлт тарихындағы айрықша тұлға. Ұлт мәдениетінің жаңа беттерін жазған, ашқан, тұтас ұлтқа мәдениет қаруын ұстатқан адам. Ол – жазу. Осы жазу арқылы біз сауат ашамыз, білімге бет бұрамыз, мәдениетті боламыз. Бәріміз 1909 жылы жарық көрген үш кітапты, яғни Абайдың өлеңдер жинағын, Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысалын» және Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағын!» жиі айтып, біздің әдебиетіміздің, жалпы мәдениетіміздің бетбұрысы ретінде қабылдап жүрміз. Әлбетте, бұл белгілі деңгейде дұрыс. Дегенмен, біздің ойымызша, қазақтың тарихында осы үш жинақтан да айрықша кітап бар. Ол 1912 жылы Орынборда жарық көрген Аханның кітабы. Толық атауы – «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе». Бұл қазақ тілінің табиғатын ашқан, танытқан, көпті сауаттандыратын тұңғыш ұлттық мазмұндағы әліппеміз. Біздің ойымызша, осы әліппе – қазақтың мәдени тарихына, жалпы өркениеттік өрістеуіне жаңа жол ашқан, жаңа бағыт нұсқаған нағыз ұлы кітап. Осы кітап арқылы Ахмет Байтұрсынұлы қазаққа мәдениеттің нағыз қаруы – жазуды сыйлады. Яғни Ахаң өзінің ұлттық жазуы арқылы бізге өркениеттің кең қақпасын ашты.

Ербол ТІЛЕШОВ,
Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»
ҰҒП орталығының бас директоры.

МАРАПАТ

ЖАҢА ТӨСБЕЛГІ

Үкіметтің 2022 жылғы 11 қарашадағы қаулысымен Үкімет құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградалармен марапаттау қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осыған сәйкес «Үздік цифрландырушы», «Ахмет Байтұрсынұлы» және «Еңбек сіңірген саудагер» төсбелгілері пайда болды.

«Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен гуманитарлық саланың өкілдері, қазақ тілінің мәртебесін көтеруде шығармашылық белсенділік танытқан тұлғалар, қазақ тілін оқыту бойынша IT жобалардың жетекшілері, сондай-ақ гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға елеулі үлес қосқан шетел азаматтары марапатталады.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

Азаттық асылы мәдениетте

«Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте».

Жұмсаған қажыры мен дағдыларының нәтижесі

«Қазіргі мәдениет әлдебір ұлттың, я нәсілдің жасаған нәрсесі емес, бүкіл адамзаттың бірлесе жұмсаған қажыры мен дағдыларының нәтижесі».

Ешқандай ықпал жасаған жоқ

«Орыстың рухани мәдениеті орыс үкіметі саясатының кесірінен соңғы онжылдықтарға дейін Ресейдегі түркі халықтарының рухани дамуына ешқандай ықпал жасаған жоқ».

Бірден өзгере алмады

«Қазақ баласын ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бибауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» коммунист, интернационалист едім деп айтуға аузы бара алмады. Сондықтан бибауырмалдық жолға қызмет қылып, басшылық қыла алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бибауырмалдық жолындағы үкімет хош көрмейтін болды».

(«Еңбекші қазақ», 1922 жыл, 8 шілде).

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.
(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ӘЛІМЖЕТТІК ЖАСАМА!

Зорлық-зомбылық көрген әйелдер
қайда жүгінеді?



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

25 қараша – әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылықты жоюдың халықаралық күні аясында 25 қараша – 10 желтоқсан аралығында Алматыда «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» республикалық акциясы өтуде.

Шара тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы тұру, полицияға деген сенім деңгейін арттыру, отбасының қоғамдағы рөлін нығайту мақсатында өткізілуде. Сондай-ақ, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және ескерту, ана мен баланы қорғау, отбасының қоғамдағы рөлін нығайту бағытында атқарылып жатқан шаралармен жалпы халықты таныстырады.

Акция аясында тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Ішкі Істер Департаментінде есепте тұрған тұлғаларды тұрғылықты жері бойынша тексеру, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды анықтау және есепке алу жоспарлануда.

Іс-шараға құқықтық кеңес және психологиялық көмек көрсететін сенім телефондары жұмыс істейтін Алматы қаласының дағдарыс орталықтары қатысады.

Егер сіз тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы хабардар болсаңыз немесе сіз осындай зорлық-зомбылықтың құрбаны болсаңыз, бұл туралы үндемегеніңіз жөн! Полицияға «102» немесе мына телефондар бойынша хабарласу қажет:

ПД Алматы – 254-45-99.
Алматы ауданының ПБ – 254-46-09.
Алатау ауданының ПБ – 227-55-54
Әуезов ауданының ПБ – 298-53-33.
Бостандық ауданының ПБ – 254-47-26.
Жетісу ауданының ПБ – 254-49-43.
Медеу ауданының ПБ – 254-48-66.
Түркісіб ауданының ПБ – 298-54-25.
Наурызбай ауданының ПБ – 254-49-48.

ДЕНСАУЛЫҚ

МЕГАПОЛИС МЕДИЦИНАСЫ МЫҚТЫ

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қарасты Алматы Онкологиялық орталығында алғаш рет хирургтар ұйқы безі басының қатерлі ісігі бар науқасқа жоғары технологиялық тіліксіз операция жасады.

Нақтырақ тоқталар болсақ, аталған орталыққа аты жаман аурумен 69 жастағы әйел түскен болатын. Сол бойынша MD-PhD онкохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Нұрлан Балтаев алғаш рет лапароскопиялық гастропанкреатодуоденальды резекция – Уиппла операциясын жасады. Кесусіз жасалған операция кезінде хирург бір мезетте ұйқы безінің басын, асқазанның дистальды бөлігін, он екі елі ішекті, өт жолдарының бір бөлігін, өт қабын және аймақтық лимфа түйіндерін алып тастады.

Бұрын бұл диагноз бойынша операциялар дәстүрлі әдіспен, яғни хирургиялық кесу арқылы жүргізілетін. Ал бұл пациент үшін өте ауыр-тын. Өйткені, күрделі отадан кейінгі кезеңде ауыр асқинулар болуы мүмкін еді. Бұл жолы алматылық онкологтар аталған



диагнозға инвазивті әдіспен, яғни лапароскопия арқылы сәтті операция жасап шықты. Мұндай операция пациентке әдеттегі хирургиялық оталарға қарағанда жеңілдеу болады.

«Гастропанкреатодуоденальды резекцияның нәтижелері ондаған жылдар бойы сәтсіз болып келген: асқинулар болатын және пациенттер өліп те кететін. Ал енді қазіргі уақытта осы операцияның жетілдірілген техникасының, операциялық бөлменің заманауи жабдықталуының, анестезиолог-реаниматологтардың кәсіби дайындығының арқасында операциядан кейінгі асқинулар мен өлім-жітім көрсеткіші де едәуір азайып, адамдар толыққанды өмір көшіне ілесіп кетіп жатыр. Бүгінгі операция 7 сағаттан астам уақытқа созылды. Науқас операциядан кейінгі алғашқы тәуліктерден кейін-ақ бірден басын көтерді», – дейді алтын қолды хирург Нұрлан Балтаев.

Кейінгі бес жыл ішінде Алматының Онкологиялық орталығында хирургиялық кесу арқылы гастропанкреатодуоденальды резекциямен 92 ота жасалған. Енді мұндай операциялар орталықта инвазивті әдіспен жүзеге асырылады. Бұл сөзсіз мегаполис медицинасының биіктегенін көрсетеді.

Нұр ЖАМАЛ.

АКЦИЯ

Халықаралық әйелдерге жасалатын қиянатқа қарсы күрес күні аясында Қазақстанда «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн» атты халықаралық акция басталды.



ӘЙЕЛ ДЕ, БАЛА ДА ЗӘБІР КӨРМЕСЕ ЕКЕН...



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Әлеуметтік іс-шараға мұрындық болып отырған «Дағдарыс орталықтары одағы» ЗТБ (заңды тұлғалар бірлестігі) өкілдері акцияның мақсатын қоғамды қатыгездікке бей-жай қарамауға шақыру, зорлық-зомбылық құрбандарына нақты көмек көрсету, салауатты қарым-қатынас мәдениетін үйрету, сот төрелігі жүйесінің қабілетіне сенуге мүмкіндік беру деп түсіндірді.

Әлемде жылына 50 000-нан астам әйел тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қайтыс болады. Бұл – Біріккен Ұлттар Ұйымының дерегі. Өкінішке қарай, біздің елде де зорлық-зомбылық құрбандары аз емес. Тек биылғы 9 айдың өзінде еліміздегі тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейі 90%-ға өскен. Жыл сайын «Дағдарыс орталықтары одағының» мүшелері 25 000-нан астам әйелге әлеуметтік қолдау көрсетеді. Жылына 70 000 абонент №150 «сенім телефонына» қоңырау соғып, көмек сұрайды. Балалы 7000-ға жуық әйел әлеуметтік баспаналардан пана табады.

Биылғы 25 қараша – 10 желтоқсан аралығын камтитын «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн» атты халықаралық акция қоғамды әйелдер мен балалардың зорлық-зомбылықсыз өмір сүру құқығы туралы хабардар етпек; БАҚ және блогерлердің қолдауымен гендерлік зорлық-зомбылықтың

барлық түріне «нөлдік төзімділікті» қалыптастырмақ; мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ведомстваралық өзара іс-қимылын дамытпақ; сондай-ақ бизнес құрылымдарды, белсенді азаматтарды және МЕҰ-ды тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек ұйымдастыруға, оңалтуға және қайта әлеуметтендіруге тартпақ ниетте.

Сонымен қатар, акция барысында «Мен зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамға көмектесуге дайынмын ба?» деген тақырыпта түсірілген әлеуметтік

бейнеролик көрсетіледі. Психолог-мамандар «Жаңаша ойлау. Мысли по-новому. Thinking a new way», «Агрессия деңгейін қалай басқаруға болады?» деген тақырыптар шеңберінде де семинар өткізеді. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек сұрау алгоритмі» де айтылады. Ал әлеуметтік желілерде «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған адамға көмектесу туралы жасырын қимыл» челленджін де ұйымдастырмақ. Акцияға кез келген адам қатыса алады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖҰДЫРЫҚТАН КӨЗ АШПАҒАН БАЛЖАН

Балжанды екі баласымен Алматыдағы «Жансая» дағдарыс орталығына полиция қызметкерлері алып келген болатын. Ол бірнеше жыл бойы күйеуінен зәбір көріп келген, таяқтан көз ашпаған.

Отбасылық ұрыс-керіс үнемі мектеп жасындағы балаларының көзінше болатын. Күйеуі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, әйелді қорғау бұйрығы шығарылды.

Дағдарыс орталығында әбден жүнжіп кеткен Балжан да, үнемі қорқып-үркіп өмір сүрген кішкентай балалары да бүгінде естерін жинады. Орталықтың психологтары, әлеуметтік қызметкерлері оларға жан-жақты қолдау көрсетті. Бүгінде жас ананың қызы тамаша биші, ал ұлы өлең оқиды. Балжан балаларының жақсы қырынан ашылып келе жатқанына, өнерге жақындығына қуанышты. Балжанның өзі де дағдарыс орталығында өткізілетін мәдени іс-шаралардың жүргізушісі болып жүрді. Сондай-ақ, орталықтың қоғамдық тамақтандыру бөліміне жұмысқа орналасты. Балжан тапқан ақшасын жұмсамай, жалға алып тұратын баспанасына жинай бастады. Заңгерлердің көмегімен алимент өндіру мәселесін де оң шешті. Кейін әлеуметтік қызметкерлер оған жалдамалы баспана және жұмыс та тауып берді. Балжан қазір медициналық орталықтардың бірінде медбике болып жұмыс істеп жүр. Балалары мектепте оқиды.



МҰХТАР ӘУЕЗОВ – 125

Отызыншы жылдардың ортасында қазақтың қаймағы болған арыстарымыз, руханиятымыздың көшбастаушылары репрессияға ұшырап, ұлтымыздың болашағына енді қалай қам жасаймыз деген тұста, Құдай қолдап, 1934 жылы Қазақ университеті ашылды. Қазақстанның түкпір-түкпірінен сталиндік режимнен ғайыптан аман қалған ұлт зиялыларының барлығы, Алаштың бас көтерер азаматтары, қайраткер ұлдары мен қыздары осы білім ордасының төңірегіне топтасты. Олардың миссиясы – ұлтымыздың санасын оятып, болашаққа мықты буын тәрбиелеу еді. Ұлттық ғылым мен білімнің іргетасы осы шаңырақта қаланды. Мұнда әлемдік деңгейдегі ғылымның үздік жаңалықтары бастау алып жатты. Бір ғана ұлтымыздың кемеңгер қаламгері, әлем таныған саңлақ жазушы Мұхтар Әуезовтің отыз жылға жуық табан аудармай Қазақ ұлттық университетінде сабақ бергендігі неге тұрады?! Руханиятымыздың осы қарашаңырағында «Абай жолы» роман-эпопеясын жазып, қазақ фольклорының тарихынан қайталанбас лекциялар оқыды, «Манастану», «Әлем әдебиетінің тарихы», «Алаштану» атты жаңа ғылыми дәрістердің негізін қалады.



«МЕНІҢ ӘУЕЗОВІМ»

Заңғар жазушының асыл бейнесін тұлғалаудың үздік үлгісі ретінде қазақ руханиятының алтын қорына қосылды



Ұстаз бен шәкірт

Әуезовтің алдын көрген, дәрісін тыңдаған, тағылым-тәрбиесін алған қаншама буын қазақ жастары кейін қазақтың қабырғалы қаламгерлері атанды. Олардың ішінде мемлекет және қоғам қайраткерлері қаншама. Айталық, кеше ғана дүниеден озған академик-жазушы, профессор Зейнолла Қабдолов «Менің Әуезовім» атты романында осының барлығын бейнелі тілмен төгілте суреттеді. Мемлекет қайраткері Ә.Кекілбаев кезінде Әуезов тағылымын тереңнен тартып, өз мақалаларында қанша рет толғанды. Әуезов қаламының өз шығармашылығына тигізген игі әсерін айтты.

Мұханның сол кезеңдегі өмірінің куәсі болған, жазушы төңірегіндегі орын алған барлық қалың оқиғалардың ортасында жүрген, солардың барлығын көкірегіне түйіп, ой елегінен өткізген жас шәкірт, жазушы Зейнолла Қабдолов бұл тақырыпқа кездейсоқ келген жоқ. Ұлы Мұханның бес жыл бойы шәкірті бола жүріп, кейіннен он жылға жуық бір кафедрада қоян-қолтық еңбек еткен жылдарындағы жүрегімен қабылдаған бар оқиғаларды төгітіп кітап бетіне түсірді.

Кішкене шегініс жасасак, сонау қиян түбіндегі Доссорда, Ембі – Атырау топырағында дүниеге келген бозбала Зейнолла Қабдолов сол тұста қол жетпес тұлға, ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің өзімен жолығам, сапарлас, тағдырлас боламын деп ойлады ма екен...

Талант көзі ауылда, мектепте жүргенде-ақ ашылды. Аудан, облыс мойындаған ақын бала атанды. Сөйтіп, жазушы, әдебиеттанушы – ғалым болам деген үлкен арман жетегінде жүрген жас талапкер Алматыға бірден ат басын бұрады. Қара шаңырақ, бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ университетінің филология, яғни қазақ тілі және әдебиеті факультетіне 1945 жылы студент болып қабылданады. Тағдырдың жазуы, осы сәттіліктің өзі сол кезде Мұханның тікелей қолдауымен жүзеге асады.

Академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі 1997 жылы «Санат» баспасынан жарыққа шықты. Көлемі 225 беттік роман-эссесі тақырыбы мен негізгі сюжеттік арқауы қазақ әдебиетінің классигі, заңғар жазушымыз Мұхтар

Әуезовтің өмірбаяндық тағдырына, қаламгерлік, ұстаздық қызметінің үлкен бір белесіне негізделіп жазылған көлемді прозалық шығарма.

Мәңгілік ескерткіш

Ұлы Мұханның, Мұхтар Әуезовтің алдын көрген, дәрісін тыңдаған, сүйікті шәкіртіне, жылдар өте келе дос-інісіне айналған Зекеңнің таланты, дарыны ұлы суреткердің назарын бірден өзіне аударып, ғұлама ғалымның ұзақ жылдар бойында терең ілтипатына бөленді. Шәкірт Зейнолла Қабдолов та өз кезегінде ұзақ жылдар бойында Ұлы ұстаз еңбегін бір сәтке де көзден таса қылмай, әрдайым Мұханның, Мұхтар Әуезовтің әр жанрдағы, әр жылдардағы шығармашылық мұрасын жинаумен, жазумен, зерттеумен, насихаттаумен ғұмыр кешті. Студент жастарға арнап «Әуезовтану» атты арнайы курс дайындап, соны оқытуды өмірінің соңғы сәтіне дейін бірде-бір рет тоқтатқан емес. Осы еңбегінің түйіні ретінде Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығына орай қаламгер Ұлы ұстазының рухына бағыштап, өзінің ұзақ жылдар бойы қимас асылындай жан дүниесінде тербетумен, ұштаумен, шыңдаумен келген еңбегін «Менің Әуезовім» атты романына ұластырды.

«...Көрген жерден көзді арбап, көңілді қоса баурап әкететін ғажайып сурет – тағы да айтайын, – Әуезовтің өлшеусіз кең, керіле жарқыраған әжімсіз жазық маңдайы мен төбесінен тайғанай сусып барып самайға ұйлығып қалған – оң шекеде бір уыс, сол шекеде бір уыс – шөкім-шөкім бұлт тәрізді көк мамық шашы. Сократ – маңдай деген болады деуші еді, сол осы екен ғой деп сүйсіндім ішімнен, кеудемдегі күллі дірілмен түйсініп...», – деп алғашқы әсерді суреттеуден басталатын көп қырлы, қымбат дүниесі – роман-эссесі арқылы өзінің ұстазына мәңгілікке қалатын көркемсөзден ескерткіш соқты. Осылайша қаламгердің әрдайым жүрегіндегі асыл бейне ұлы көркем туындының бас кейіпкері болып оқырманға тіл қатты.

Ұлы Мұханның ұлы тұлғасы бұл туындыда айырықша әсерлі, терең сөз күдіреті арқылы қазақ жүрегіне жол тартты. М.Әуезовтің ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен мерейтойына арналған біртуар дүние

болды. Зекең қаламынан шыққан көркем прозаның барлығы, ғылыми-зерттеу еңбектері, бір сөзбен айтқанда, тұтас адамдық, азаматтық, ұстаздық және шығармашылық тағдыры ұлы Мұханның суреткерлік әлемімен терең астасып жатты.

Әсіресе, Мұханның балалық кезеңі өткен туған жері – Семей, Шыңғыстау, Бөрілі өңірінің суреттемелері, атасы Әуездің, немере ағасы Қасымбектің болашақ жазушыға әсері, ықпалы, Абай және оның ақындық айналасы, Мұхана үлгі болған Алаш арыстары, яғни оның ұлттық дүниетанымын оятқан, тарихи тағылым ұсынған ұлы ұстаздары туралы ой-толғамдар, 1920–1930 жылдардағы белең алған тарихи, саяси оқиғалар тізбегі, сол тұстағы әпербақан, асыра сілтеушілердің кесірінен жазушының қудалауға түсіп, азап шеккен кезеңдері, барлығы роман ішінде терең, арналы, бірнеше тарауларды қамтитын әсерлі баяндаулар ауқымында сөз болады.

Әуезов әлемі

Қаламгер лирикалық шегіністер арқылы эпизодтардың барлығын іштей сабақтастыра, жымдастыра отырып, кейіпкері Әуезовтің көзімен жіті қадағалап, жігін тауып, оқиға желісін шығармасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші тарауларына енгізіп отырады. Тұтас бір желінің бойында шебер кинюласқан ғұмырбаяндық сюжеттер, авторлық толғамдар қамшының өріміндей жарасым тауып, күрделі тұлғаның бүтін бітімін, тұтас ғұмырын, қайшылықты тағдырын терең поэтикалық аяда суреттеп жеткізеді.

Образбен ойлау, төгілген тіл кестесімен сөйлеу автордың суреткерлік стилін, қаламгерлік қарымын анық аңғартады. Ең бастысы, романның барлық тарауларында сол романның өз кейіпкерлерінің бірі автор – студенттің танымы, көзқарасы арқылы университет ғалымдары мен ұстаздарының өміріндегі көп сырлар, көп шырғаландар өте әсерлі баяндалады. Әсіресе, осы оқиғаларды баяндау үстінде, автордың өткір де ұтқыр юморы, кей тұста сарказмға айналып кете баратын, оқырманын селт еткізетін терең сатиралық бейнелеулер ағыны, күлкілі эпизодтар мен адамдардың пұшайман күйі кешуі, тағы да басқа тосын суреттемелер оқырманды өзіне тартып, сюжеттік арналарды ширата түседі. Автор тұжырымдағандай, «Мұхтар тағдыры – қиын тағдыр. Өйткені, ол – талант тағдыры. Ал талант жолы қашан да тар, тайғақ. Бірақ осының бір-ақ өтеуі бар: ол суреткер өмірінің нақты деректері оның затты өнеріне көшуі. Ал өмір өнерге көшкен жерден жазушы басталады».

Әдебиет тарихындағы үлкен жаңалықтардың, іргелі сөздің әрдайым көш басында, қайнаған ортасында жүретін Мұханның тағдыры ауыр, азапты болғанын, жазықсыз жапа шегетін, күйзеліске түсетін күндерінің көп болғанын қайта көз алдымызға елестетеміз. Аталған романдағы кейіпкерлердің әрқайсысының өзіндік болмыс-бітімі, кескін-келбеті, ішкі жан дүниесі, барлығы нақты оқиғалар үстінде көрінетіндіктен шығарма сюжетіндегі арналар іштей жымдасып, астасып, тұтаса келе бас кейіпкер Мұхтар Әуезовтің тұлғасын жан-жақты ашуға қызмет етеді.

Ұлы суреткердің тағдырындағы елуінші жылдардың басында қайта басталған шырға-

лаң, қудалау, саяси қуғын-сүргін, барлығын автор өмірдегі шынайы көріністер арқылы, адамдар тағдыры арқылы терең аңғартады. Мұханның атақты «Абай» романы үшін басы дауға қалып, көрсалмаушылар мен қызғаншақтардың, солақай сыншылар мен асыра сілтеушілердің талауына қалай түскені, қаламгердің осынау азапты күндер мен түндердің барлығын жүрегінен өткізетіндігі романда тарихи оқиғалар арнасында ашылады.

Қайталанбас көркем мұра

Мұхандай қалам қайраткерінің басынан өтетін сан түрлі оқиғаларды, тағдыр белестерін сол жылдардағы қазақ әдебиеті төңірегінде өткен әртүрлі тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайларды бір-бірілеп, сатылай, саралай отырып, асықпай-аптықпай баяндайтындығы қаламгер шеберлігінің арқасында оқырманға өте әсерлі жеткізіледі. Осы орайда жазушы өз романында Әуезов басындағы шырғаланды төмендегідей суреттейді: «Әуезов жиырмаға жетпей, отыздан өтпей әуезовтігін танытты. Бас-аяғы он жылда, өзгелерін өз алдына қойғанда, сөз өнерінің інжу-маржаны секілді үш көркем туынды берді. Алайда, амал қанша сол үш туындының үшеуі де еңбектің зейнеті емес, бейнеті болып шықты: «Еңлік-Кебектен» кейін ескішіл Әуезов, «Қарағөзден» кейін ұлтшыл Әуезов, «Қиы заманнан» кейін алашордашыл Әуезов сыннан-сынға ұшырап, соққыдан-соққыға жығылып, ақыр аяғында қасқа маңдайына «халық жауы» деген қара таңба басылды да, қамауға алынды. Одан отыз екінші жылы жасария баспасөз бетінде «жаздым, жаңылдым» деп Ашық хат жазып әрең құтылады».

Мұхтар Әуезовтің ұзақ та, ұлан-ғайыр шығармашылық сапарын, суреткерлік ерен еңбегін автор әр тарауда қиялай соғып, әңгіме арқауына айналдырады. Осы беттерден Мұханның жеке пендешілік тіршілігі де, отбасы, ошақ қасы тіршілігі де, ағайын-туыс, дос-жаранға қатысты мол өмірдеректік суреттеулер де өз орнымен, өз кезегімен көз алдымыздан өтеді. Олардың бірде-біреуі де Мұханның өміріне қатыссыз айтылмайды. Хакім Абай жырлағандай, «соқтықпалы», «соқпақыз» ғұмыр кешкен, қазақ руханиятына қайталанбас көркем мұра қалдырған суреткер қаламгердің тұтас тұлғасымен роман соңында оқырман қимай қоштасады. Осылайша роман-эссесінің күллі эстетикалық әсері, көркемдік күші Мұхтар Әуезовтің өз туындыларымен қатар жарыса биіктей береді, биіктей береді.

Мұхтар Әуезовтің өмірден өткеніне де алпыс жыл толыпты. Мұханның асыл арманы туған елінің тәуелсіздігі еді. Бүкіл ғұмырын, күллі шығармашылық тағдырын осы жолға арнады. Алаш арыстарының арасынан атылып кетпей, алмағайыпта, елінің бағына аман қалды. Бүгін тәуелсіздігіміздің отыз бір жылдығы және саңлақ суреткер, ғұлама ғалым, әлем мойындаған заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығының қатар келіп жатқандығы қасиетті тарихи сәт. Осының қадірін білуіміздің мән-маңызы айрықша.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
филология ғылымының докторы,
академик.



КАТАР – 2022

Катарда өтіп жатқан Әлем чемпионаты алаңда футболшылардың атағы мен бағасы емес, жігері мен ұжымдық бірлігі шешетінін кезекті рет дәлелдеуде. Алғашқы турдан-ақ сенсацияға толы турнир жанкүйерлерге бірқатар тосын сый жасап үлгерді. Газетіміздің бүгінгі шығарылымында жаһандық додадағы командалардың бағаларына зер салуды ұсынамыз.



АҚША ШЕШЕ МЕ, ӘЛДЕ ЕРІК-ЖІГЕР ЖЕҢЕ МЕ?



Алғашқы ірі сенсацияны Сауд Арабиясы бастады ғой. Лионель Месси бастаған Аргентинаның аптығын басты. Бірінші таймда пенальтиден гол жібергенімен, үзілістен кейін екі тура соққымен жауап беріп, 2:1 есебімен жеңісті жүйсікпен алды.

Дәл осындай сценарий Германия мен Жапония арасындағы кездесуде де қайталанды. Бірінші таймды толассыз шабуылмен өткізген немістер ақыры пенальтиге қол жеткізіп, Илкай Гюндоган есеп ашқан. Алайда, матчтың екінші жартысында жапондар екі голмен жауап қатты. Бұған дейін есіріп, бұлайдай секеңдеген Антонио Рюдигерді бірден сабасына түсірген Күншығыс елінің өкілдері арабтар секілді футболда бәрін ақша емес, ұжымдық бірлік шешетінін дәлелдеді.

Футболшылардың нарықтағы бағасын есептеумен айналысатын Transfermarkt орталығының мәліметінше, Катардағы ең қымбат құрама – Англия. Команда ойыншыларының жалпы құны – 1,26 млрд евро. Екінші орындағы Бразилия футболшыларының да жалпы бағасы 1 миллиард евродан асып жығылады. Үздік үштіктегі Франция ойыншыларының жалпы құны миллиард евроға жетекабыл.

Ал ең арзан құрама – Катар. Әлем чемпионатына шақырылған футболшыларының жалпы құны 15 миллион евроға да жетпейді. Салыстырмалы түрде айтайық, ең қымбат құрама – Англияның ең арзан ойыншысы Киран Триппердің бағасы дәл қазір 13 млн евро. Айтпақшы, осы орайда айтпай кетпесе болмайды, Катар футболшыларының бағасы Қазақстан ұлттық құрамасынан да арзан. Соңғы жолдастық кездесулерге Магомед Адиевтен шақырту алған 25 футболшымыздың

бағаларын қосқанда 16,93 млн евро шығады екен.

Енді жекелеген ойыншыларға келейік. Әлбетте, дәл қазір нарықтағы ең қымбат футболшы – Эрлинг Холанн. Transfermarkt орталығы оның бағасын 170 млн евро деп есептеп беріпті. Дегенмен, Норвегия құрамасы бұл мундиальда жоқ. Ал Катарда бас қосқан футболшылардың ішіндегі ең бағалысы – Килиан Мбаппе. Франция ұлттық құрамасының шабуылшысы 160 млн евро тұрады. Бұл дегеніміз, Жапонияның 26 футболшысын қосқандағы бағадан да қымбат деген сөз. Айтпақшы, Сауд Арабиясының Аргентинаны жеңгенін жаздық қой. Аргентина ұлттық құрамасының жалпы құны – 645,2 млн евро, ең қымбат ойыншысы Лаутаро Мартинестің бағасы – 75 млн евро. Бір қызығы, Сауд Арабиясының 26 ойыншысын қосқандағы құны бір ғана Мартинестен 3 есе арзан екен.

Тағы бір қызықты жайт, бір ғана Англия футболшыларының бағасына Мексика, Оңтүстік Корея, Уэльс, Камерун, Жапония, Эквадор, Тунис, Иран, Аустралия, Сауд Арабиясы, Коста-Рика, Катар құрамаларын қосқанда жетпейді.

Дегенмен, спортта бәрін ақша шешпейді, алаңға шыққанда бұрынғы атақтарың да көмектеспейтінін көріп жүрміз. Әйтпесе, өмір бойы Месси мен Роналдудың ғана ойынын тамашалап, жаңа талант іздемес те едік. Футбол сонысымен қызықты, футбол сонысымен бағалы.

Әлем чемпионатында бар болғаны бірінші тур аяқталды. Жаһандық доданың 18 желтоқсанға дейін жалғасатынын ескерсек, Катарда әлі талай сенсацияның куәсі болатын секілдіміз.

Әзірлеген Әзиз ЖҰМАДІЛ.

Әлем чемпионатындағы құрамалардың бағасы				
ФИФА рейтингіндегі орны	Команда	Жалпы бағасы (евромен)	Ең қымбат ойыншысы	
			Футболшы	Бағасы (евро)
5	Англия	1,26 млрд	Фил Фоден (Манчестер Сити)	110 млн.
1	Бразилия	1,14 млрд	Винисиус Джунior (Реал)	120 млн.
4	Франция	997,5 млн	Килиан Мбаппе (ПСЖ)	160 млн.
9	Португалия	937 млн	Рафаэль Леао (Милан)	85 млн.
11	Германия	885,5 млн	Джамал Мусиала (Бавария)	100 млн.
7	Испания	877 млн	Педри (Испания)	100 млн.
3	Аргентина	645,2 млн	Лаутаро Мартинес (Интер)	75 млн.
8	Нидерланд	587,25 млн	Маттейс Де Лигт (Бавария)	70 млн.
2	Бельгия	563,2 млн	Кевин Де Брюйне (Манчестер Сити)	80 млн.
14	Уругвай	449,7 млн	Феде Вальверде (Реал)	100 млн.
12	Хорватия	377 млн	Йоско Гвардиол (РБ Лейпциг)	60 млн.
21	Сербия	359,5 млн	Душан Влахович (Ювентус)	80 млн.
10	Дания	353 млн	Пьер-Эмиль Хойберг (Тоттенхэм)	45 млн.
15	Швейцария	281 млн	Мануэль Аканджи (Манчестер Сити)	30 млн.
16	АҚШ	277,4 млн	Кристиан Пулишич (Челси)	38 млн.
26	Польша	255,6 млн	Роберт Левандовский (Барселона)	45 млн.
22	Марокко	241,1 млн	Ашраф Хакими (ПСЖ)	65 млн.
18	Сенегал	229,5 млн	Калиду Кулибали (Челси)	35 млн.
62	Гана	216,9 млн	Томас Партей (Арсенал)	38 млн.
41	Канада	187,3 млн	Альфонс Дэвис (Бавария)	70 млн.
13	Мексика	176,1 млн	Эдсон Альварес (Аякс)	35 млн.
28	О. Корея	165,03 млн	Сон Хын Мин (Тоттенхэм)	70 млн.
19	Уэльс	160,15 млн	Бэн Дэвис (Тоттенхэм), Бреннан Джонсон (Ноттингем Форест)	20 млн.
43	Камерун	155 млн	Фрэнк Ангисса (Наполи)	38 млн.
24	Жапония	154 млн	Даичи Камада (Айнтрахт)	30 млн.
44	Эквадор	146,5 млн	Мойзес Кайседо (Брайтон)	38 млн.
30	Тунис	62,4 млн	Эллис Схири (Кельн)	13 млн.
20	Иран	59,53 млн	Мехди Тареми (Порту)	20 млн.
38	Аустралия	36,4 млн	Мэттью Райан (Копенгаген)	5 млн.
51	Сауд Арабиясы	25,2 млн	Сұлтан әл-Ганнам (әл-Наср)	2,5 млн.
31	Коста-Рика	18,75 млн	Кейлор Навас (ПСЖ)	5 млн.
50	Катар	14,9 млн	Акрам Афиф (әл-Садд)	4 млн.
113	Қазақстан*	16,93 млн	Бахтиер Зайнутдинов (ЦСКА)	5 млн.
*Ескерту: Қазақстан ұлттық құрамасының соңғы жолдастық кездесулерге шақырылған ойыншыларының бағасы есептелді.				



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

БРИФИНГ

Балабақша саны көбейеді

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы басты мәселе – орын тапшылығы. Бүгінгі күні 1–6 жас аралығындағы 42 460-тан астам бала, 3–6 жас аралығындағы 18 865 бала кезекте тұр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Білім басқармасының мектепке дейінгі білім беру бөлімінің басшысы Әлия Сағиева мәлім етті.



Нұржамал ӘЛШЕВА

Білім басқармасы өкілінің мәліметінше, қазіргі уақытта Алматы қаласында 77 261 баланы қамтып отырған 910 мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмыс істейді. Оның 193-і (39 214 бала қамтылған) мемлекеттік, ал 717-сі (38047 бала) жекеменшік.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда кезектің ұзақ болуына, ішкі көші-қонның жүруіне және жыл сайын туу көрсеткішінің артуына байланысты мектепке дейінгі ұйымдардағы орындарға деген қажеттілік өте өзекті болып отыр. Осы орайда Алматы қаласы әкімдігі мемлекеттік балабақшаларды ашу бағытында ауқымды жұмыстар атқарып жатыр», – деді Ә.Сағиева.

Спикер 2022–2024 жылдар аралығында 16 мыңнан астам орынға 188 жекеменшік балабақша (2022 жылы – 6 мың орынды 60 балабақша, 2023 жылы – 4950 орынды 71 балабақша, 2024 жылы – 5540 орынды 57 балабақша) ашу жоспарланып отырғанын да атап өтті.

Сонымен қатар, 2022 жылы кезекте тұру мәселесін кезек-кезектен қысқарту және балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды арттыру мақсатында «Жас қанат» ықшамауданында 280 орынды балабақша салынууда. Ал Жетісу ауданында 280 орынды балабақша сатып алынған. 2023 жылы Әуезов ауданында 720 орынды 3 балабақша салу, 240 орынды балабақша сатып алу жоспарлануда. 1380 орынды 5 балабақшаның құрылысы 2024 жылға жоспарланған. Ал 600 орынды тағы 2 балабақшаның құрылысын 2025 жылға жүргізу көзделіп отыр.

Сонымен қатар, журналистердің сұрақтарына жауап берген Ә.Сағиева қаладағы мектепке дейінгі ұйымдарда мамандар тапшылығы мәселесін де атап өтті. «Тәрбиешілер тапшылығы шамамен 35–40 пайызды құрайды, оның ішінде мамандандырылған мектепке дейінгі білім беру ұйымдары бар, сонымен қатар логопед, дефектолог, музыкалық жетекші, медбике, есепші, тәрбиеші көмекшісі сияқты мамандар да қажет», – деді Ә.Сағиева.

«Alatay Aqparat» ЖШС ұжымы «Almaty aqshamy» газетінің бұрынғы қызметкері Толқын Молдажановаға әпкесі Гүлшат ЕЛЖАСҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектың көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. Редакцияның мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегі (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ГАНДБОЛ



Қазақстан құрамасы Азия чемпионатында

Оңтүстік Корея астанасы Сеул мен Инчон қаласында қол добынан әйелдер арасындағы XIX Азия чемпионаты басталды. Қазақстан құрамасы екі ойын өткізіп үлгерді.

Қытай, Тайланд, Жапония және Гонконг құрамаларымен «В» тобына түскен аруларымыз алғашқы турда Қытайға есе жіберді. Аса тартысты өткен кездесуде бар болғаны екі доп айырмашылығымен жеңілдік. Есеп – 26:28.

Есесіне кеше екінші турда Гонконг құрамасын тізе бүктірдік. Есеп – 28:24. Қазақстан құрамасы екі таймда қарсыластарын екі доп айырмашылығымен ұстап отырды.

Енді ертең, яғни 27 қарашада Қазақстан құрамасы Тайландпен шеберлік байқасып, 30 қарашада өтетін соңғы турда Жапониямен кездеседі. Желтоқсанның 4-іне дейін жалғасатын Құрлық додасында үздік бес құрама 2023 жылғы 30 қараша мен 17 желтоқсан аралығында Дания, Норвегия және Швеция елдерінде өтетін XXVI Әлем чемпионатына жолдама алады.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан әйелдер құрамасы 2002 және 2010 жылдары чемпион атанған. Екі біріншілік те Алматы қаласында өткен болатын. Ал былтыр Иордания астанасы Амманда өткен Сары құрлық додасында ұлттық құрама қола жүлдеге қол жеткізген.

Азия чемпионатына аттанған Қазақстан ұлттық құрамасы:

Жанерке Қуандықова, Дана Әбілда, Жанерке Сейтқасым, Татьяна Давыдова, Злата Звягина, Алеся Малышева, Альсина Жұмабек, Наталья Полуянко, Мария Пупченкова, Камила Серікбаева, Кристина Степанова, Вероника Хардина, Мария Ситникова, Ксения Пупченкова, Арайлым Әбдіхамит, Елена Беренда, Дамира Жапарова, Кристина Радасева.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

Балалар
жылы
2022ТҮЗДЫ
ШАХТАНЫҢ
ПАЙДАСЫ ЗОРРая
ЕСКЕНДІР

«Балалар жылы» аясында «Жас қанат» ықшамауданындағы №187 бөбекжай-балабақшада «Тұзды шахта» сауықтыру бөлмесі ашылған болатын. Қазір бүлдіршіндер осы сауықтыру бөлмесінің денсаулыққа тигізетін пайдасын көріп жатыр. Сауықтыру бөлмесі балақайларды суықтан сақтап қана қоймай, тұмаудың алдын алуда таптырмайтын дауа болып отыр.



Мұндай сауықтыру бөлмесі Алматыдағы мектепке дейінгі мекемелер арасында алғаш рет ашылған еді. Көбіне «Тұзды шахта» емдеу-сауықтыру орындарында ғана болса, балабақшадағы бұл бөлме бала ағзасында дәруменнің де міндетін атқарып отыр.

Балабақша меңгерушісінің айтуынша, бүлдіршіндерді «Тұзды шахтаға» кіргізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Өйткені, белгілі бір ережеге бағынбаса, кері әсер ету қаупі бар көрінеді. Сонымен қатар, қобыз бен домбыра үні төгілген бөлмеге еркін кірген балақайлар алаңсыз ойнап отырып-ақ, ем қабылдай берідей екен.

– Тұзды бөлмеге бір уақытта 4-5 бала кіріп, 20 минут отырады. Осылайша олар 10 сеанс қабылдайды. Бөлменің қабырғалары мен едені тегіс тұздан жасалған. Сондай-ақ, натрий хлоридінің құрғақ аэрозолін шашып тұратын Галогенаторлар құрылғысы орнатылған. Мұнда тұзбен қоса, күрделі магний, кальций, калий сияқты пайдалы минералдар да бар. Галогенатор – натрий хлоридінің құрғақ арнайы аэрозолін шашатын арнайы құралы. Сондықтан сауықтыру бөлмесіне кіру үшін ең алдымен, дәрігермен кеңесіп, балалардың ешқандай қарсы көрсеткіші жоқ екендігін тексеріп аламыз. Егер балалардың қызуы көтеріліп, созымалы құрғақ жөтелі байқалса, тұзды бөлмеге кіруге рұқсат етілмейді, – дейді Фарида Қызырханқызы.

Осылайша «Тұзды шахта» бүлдіршіндерді суық тиюден сақтап, олардың тұмауға қарсы иммунитеттерін қалыптастырып отыр. Әсіресе, соңғы кезде балалар арасында жиі кездесетін бронхит, созымалы бронхит, жүрек-қан аурулары, невроз, демікпе, аллергия, тері аурулары (экзема, дерматит) кезінде зат алмасуды жақсартуға да көмегі зор екені байқалады.



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

ТАҒЫМ



Қонаевқа 300 өлең арнаған ақын

Алматыда белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Рафаэль Ниязбек тұрған үйге мемориалдық тақта ашылды. Айтулы ақын Қабанбай батыр көшесінің бойындағы бұл үйде 1982–2021 жылдары тұрған еді.

Салтанатты жиынды Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, ақын Бақыт Беделхан ашып, жиылған қауымды айтулы оқиғамен құттықтады:

– Бүгін ерекше есте қалатын күн болып тұр. Өр мінезді, батыр болмысты ақын ағамыз Рафаэль Ниязбектің есімін ел есінде қалдыру мақсатында қалалық әкімшіліктің қолдауымен өзі тұрған құтханасына ескерткіш-тақта орнатылды.

Азуын айға білеген ақын ағамыз арқасында найзағай ойнап, қанатынан жыр, таңдайынан сөз, маңдайынан тер төгіліп жүріп елге қызмет етудің ерекше үлгісін көрсеткен тұлға. Айтулы ақынға Шешенстанның «Ұлт намысы» ордені мен Мемлекеттік сыйлық қоса берілгенде, өз халқының батыры болмауға қақысы жоқ, – деп, ақынға үзеңгілес досы болған Есенбай Дүйсенбайұлының арнаған өлеңін оқып берді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСЫБЕК.

Шындығында, ақынның Екіталай күн туса, ашуын ер ғып мінердей, Махамбеттің көзі дер, Азуынан шыққан сөзі дүр, – деген жыр жолдары Рафаэль ақынның бүкіл образын ашып тұрғандай.

Қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халибеков есімі ерекше тұлғаның еңбегі туралы айтып, қоғамдағы орнының айрықша екенін жеткізді.

Келесі сөз кезегін алған мемлекет және қоғам қайраткері Амангелді Шабдарбаев асыл азаматқа деген сағынышын жеткізді. – Алтынның қадірін қолда тұрғанда білмейтіміз өкінішті-ақ. Рафаэль Ниязбек ағамыз қатты сөйлеп, батыл айтты. Кім білген ол кісінің ерте кетіп қалатынын. Қазір Димаш Ахметұлы туралы айтуға рұқсат берілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қапшағайға Қонаевтың есімін берді. Егер Рафаэль ағамыз ортамызда жүргенде, қуанып, бөрік аспанға атар еді. Қонаевтың атын айтуға қорыққан кезімізде Рафаэль ағамыз 300 өлең арнап, 6 кітап шығарған еді. Өкініштісі, осы кісі туралы ашық сөйлейтін кез келгенде ағамыздың ортамызда жоқ болып тұрғаны. Дегенмен соңында ұрпағы, кітабы қалды, – деді ол.

Ақынның досы болған профессор Жанғара Дәдебаев Рафаэль Ниязбековтің еңбектері оқулыққа айналып, жас ұрпақ қазақ әдебиеті тарихынан оқитынын жеткізді. Бүгінгі ескерткіш-тақтаның ашылып жатқаны да халық құрметінің бір көрінісі екенін айтты.

Жиын соңында ақынның зайыбы Гүлжан Мұхамедиева отбасы атынан зор ризашылығын білдірді.

Р.ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН!

Тасбақа-қала

Таяу жылдары Сауд Арабиясында су үстінде жүзіп жүрген тасбақаға ұқсас үлкен шаһар, яғни яхта пайда болатын көрінеді.

Ол қаланың аты да белгілі – «Пангеос» (Rangeos) деп аталмақ. Мұхит үстінде үстемдік құратын тасбақа-қала бақандай 5 млрд долларға тұрғызылмақ. Оған 60 000 адамға дейін сыйып кетеді. Ішінде адам жанына керектінің бәрі табылмақ. Тамақ та ішесіз, сүйіктіңізбен отырып кофе де ұрттайсыз, киім-кешек дүкендерін аралайсыз, кітапханаға, кинотеатрға да барасыз, бақта серуендейсіз дегендей.

«Пангеос» құрылысы аяқталған күні ол жаһандағы жүзгіш бірегей, жалғыз нысан болмақ. Оның ұзындығы 550 метр, ал ені тасбақаның қанатын есепке алғанда 610 метр болмақ. Ерекше нысанды тұрғызуды қолға алған мамандар сегіз жылда қолданысқа береміз деп сенімді айтып отыр.

Өрқайсысының күші 16 800 л.с. болатын 9 HTS қозғалтқышы-



мен жұмыс істейтін «Пангеос» қуатты мұхит толқындарынан және күн көзін қабылдайтын панельдермен жабылған шатырдан алатын көрінеді. Иә, бүгінде адам баласының қолынан келмейтін нәрсе қалмай бара жатқан сияқты.

Нұр ЖАМАЛ.